

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 52 (904) 2 желтоқсан 2022 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha_tan@list.ru



СЕНАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевты ұлықтау рәсімі өтті. Осылайша Мемлекет басшысы өзінің жеті жылдық қызметіне ресми түрде кірісті. Бұл еліміздің саяси өміріндегі айтулы оқиға екені сөзсіз.

Өткен сайлауда азаматтарымыз Қасым-Жомарт Кемелұлына зор сенім білдіріп, әділеттілікке табан тірейтін мемлекет, экономика және қоғам құру бағдарламасын қызу қолдағаны белгілі. Президентіміз ұлтымыздың осы үмітін ақтау өзінің алдағы басты міндеті болатынын жариялады. Сонымен қатар сайлау алдында берілген уәделерді іске асыруға жол ашатын бастапқы әрі нақты жұмыс бағдарларын айқындап көрсетті.

Елден заңсыз шығарылған барлық активті елге қайтару маңызды міндетке айналуға тиіс. Бұл үшін заңсыз шетел асқан капиталды қайтаруға қажетті рәсімдерді реттейтін заң жобасы әзірленетінін жеткізді. Сондай-ақ Президентіміз өңірлерді, оның ішінде ауылдарымызды өркендетуге айрықша көңіл бөліп отыр. Осыған байланысты Қасым-Жомарт Кемелұлының жаңа президенттік мерзімдегі бірінші Жарлығы ауылды дамыту мәселесін шешуге арналды. Сонымен бірге ауқымды индустриаландыру, инфрақұрылымдарды салу және жаңғырту ісі де тың серпінмен қолға алынады.

Конституцияға сәйкес билік тармақтары түгел жаңғыртылады. Алдағы жылдың 14 қаңтарында Сенат депутаттарының сайлауы өтеді. Бұл біздің депутаттық корпусың сапалық тұрғыдан өзгеріп, өз жұмысын жаңа міндеттер аясында лайықты жалғастыруына мүмкіндік береді. Әділетті Қазақстанды құру – баршамыздың ортақ мақсатымыз. Осы және алда жарияланатын басқа да бастамалар мен міндеттерді заңнамалық тұрғыдан сапалы әрі уақтылы қамтамасыз ету Сенаттың алдындағы басты міндеті болып қала береді.

Мәулен ӘШІМБАЕВ,
ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы.

САЙЛАУ – САНА МЕН САПАНЫ АНЫҚТАДЫ

Қазақстанда 20 қараша күні өткен кезектен тыс президент сайлауында байқаушы ретінде әріптестерімізбен 11 сайлау учаскесін араладық. Бұл жолғы бақылау жұмыстары өткен жолғы сайлауда Мәскеудегі қазақстандықтардың сайлау учаскесінде дауыс берген кездегі байқағанымызбен сәйкес келеді.

Дәлірек айтсақ, сайлаушылардың жоғары белсенділігі. Өз кезегінде, қазіргі Президентке көрсетілген қолдау – референдумда қабылданған реформаларды қолдаудың заңды жалғасы. Ал сайлауға қатысу – қазақстандықтардың саналы таңдауы. Қазақстан эволюциялық бағытта дамып келеді.

Бұл саяси жүйенің бірқалыпты және тұрақты дамуын білдіреді. Эволюциялық өзгерістер тек сайлауға ғана емес, саяси жүйедегі басқа да өзгерістерге әсер етті. Парламенттік жүйе жұмысында плюрализмнің қалыптасып келе жатқанын байқаймыз. Жалпы, Қазақстандағы трансформация ішкі және сыртқы оқиғаларға әсер етіп, бірқалыпты жүріп жатыр. Біз сыртқы бақылаушылар ретінде өзгерістерді бақылауды жалғастырамыз.

Александра ПЕРМИНОВА,
Ресей ғылым академиясының Қытай және қазіргі Азия институтының ғылыми қызметкері.

Баспасөз – 2023 Баспасөз – 2023

ӘР ШАҢЫРАҚҚА – «Тайынша таңы» газеті!

Құрметті біздің газет оқырмандары!

«Тайынша таңы – әр шаңыраққа» деген бастамамызды қолдауға шақырамыз. Сіздерге үлкен сенім арттамыз. Бұл орайда, ең бірінші ел ағалары мен зиялы қауым өкілдеріне, мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне, бизнес өкілдері мен кәсіпкерлерге, жалпы қалың қазақ еліне сеніп отырмыз. Сіздерге 2023 жылы жарық көретін газеттің бірінші жартыжылдығына жазылу маусымы жүріп жатқанын хабарлаймыз. Қала тұрғындары үшін газетке 6 айға жазылу құны – 780 теңге, ауыл тұрғындары үшін – 870 теңге. Газетке жазылу барысында сұрақтар туындайтын болса, редакциямызға 21999, 23696 телефоны арқылы хабарласыңыздар.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫ ҰЛЫҚТАУ РӘСІМІ ӨТТІ

Тәуелсіздік сарайында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевты ұлықтау рәсімі өтті

Тәуелсіздік сарайында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевты ұлықтау рәсімі өтті



Мемлекеттік Ту мен Президент Байрағы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Конституциясы Тәуелсіздік сарайының Үлкен залына әкелінген соң Қазақстан Республикасының Президенті келіп, мінберге көтерілді.

Конституцияның 42-бабына сәйкес, Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа ант берді:

«Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын қатаң сақтауға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беруге, Қазақстан Республикасы Президентінің өзіме жүктелген міндетін адал атқаруға салтанатты түрде ант етемін!»

Сайланған Қазақстан Президентінің қызметке кірісу құрметіне орай Мемлекеттік әнұран ойналып, 21 рет зеңбіректерден оқ атылды. Ал «Ақорда» резиденциясының үстінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы көтерілді.

Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров Қасым-Жомарт Тоқаевқа Қазақстан Республикасы Президентінің куәлігін тапсырды.

Мемлекет басшысы салтанатты ұлықтау рәсімінде сөйлеген сөзінде өзіне зор сенім артқан барша отандасына алғыс айтты.

– Халықтың сенімі – ең құнды нәрсе. Сайлау нәтижесін халқымыздың саяси бағдарыма – бағасы, алдағы жоспарыма – батасы деп қабылдаймын. Халқының қолдауына ие болып, ел тізгінін ұстау – ер азамат үшін ең биік мәртебе әрі орасан зор жауапкершілік. Алдағы 7 жылды бүгінгі буынның және келешек ұрпақтың алдындағы борышымды өтеуге берілген бірегей мүмкіндік деп білемін. Қазақста «аманат» деген асыл ұғым бар. Халқымның сенімі – маған аманат. Осы аманатқа адал болу – мен үшін қасиетті парыз. Ел үмітін ақтап, Қазақстанды өркендеген, бақуатты мемлекетке айналдыру үшін қолымнан келгенін бәрін жасаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент алдағы қызметінің бірқатар негізгі бағытын атап өтті. Мемлекет басшысының айтуынша, шынайы заң үстемдігін қамтамасыз етпей, әділетті әрі нарықтық экономиканы құру, жеке меншікті қорғау, бәсекелестікті дамыту, сыбайлас жемқорлықты жою мүмкін емес. Еліміз даму жолында, негізінен, өз күшіне сенеді. Сонымен қатар шетелден тікелей инвестиция тарта отырып, түрлі саладағы халықаралық ынтымақтастықты белсенді түрде дамытады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан өз ұлттық мүддесін қорғауға бағытталған теңгерімді және конструктивті сыртқы саясатын жүзеге асыра беретінін жеткізді. Саяси жаңғыру үдерісі жоспарлы түрде жалғасады.

Ұлықтау рәсіміне Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттары, Үкімет мүшелері, Жоғарғы сот судьялары, Конституциялық Кеңестің мүшелері, Президент Әкімшілігі мен Премьер-Министр Кеңесінің өкілдері, орталық мемлекеттік басқару органдарының басшылары, Орталық сайлау комиссиясы мен Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшелері, діни конфессия өкілдері, облыстар мен Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері, Қазақстандағы дипломатиялық өкілдіктердің басшылары, президенттікке үміткер болғандар, саяси партиялардың басшылығы, Республикалық және аймақтық қоғамдық штабтардың мүшелері, қоғамдық ұйымдардың және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, іскер топтар өкілдері, көрнекті ғалымдар, мәдениет және өнер қайраткерлері, жастар ұйымдарының жетекшілері қатысты.

Ақорда, 2022 жылғы 26 қараша.

МАҢЫЗДЫ ТАҢДАУ ЖАСАЛДЫ

Қазақстан халқы аса маңызды таңдау жасады. Біз еліміздің болашағын айқындап, саяси және әлеуметтік-экономикалық саладағы өзгерістерді одан әрі жалғастыруда Жаңа Қазақстанды құруға тікелей ықпал ететін шешуші кезеңде тұрмыз. Осындай сын сәтте ел басқару ісін парасатын, тәжірибелі, сенімді және халық қамын ойлайтын адамға тапсырдық. Бұл – Әділетті Қазақстанды құру жолында түбегейлі және жан-жақты реформаларды жүзеге асыру үшін аса қажет.

Халықтың Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың әлеуметтік-экономикалық және саяси саладағы реформалары, елдің әл-ауқатын жақсартуға бағытталған бастамалары табысты болатынына үлкен үміт артып отырғаны сөзсіз. Ел ең алдымен, Мемлекет басшысының ашық әрі әділ қоғам орнату жөніндегі бастамаларын толықтай қолдайды.

Біріншіден, конституциялық реформа елдегі түбегейлі саяси жаңғырудың негізін қалады. Өздеріңіз білетіндей, халқымыз был 5 маусымда өткен жалпыұлттық референдумда Конституцияға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды толықтай қолдады. Олардың ішіндегі ең маңызды – Конституцияның 6-бабына енгізілген өзгеріс. Ол арқылы еліміздің Ата Заңында жер, оның қойнауындағы барлық табиғи ресурс, өсімдіктер мен жануарлар халықтың байлығы болып табылатыны бекітілді. Басқаша айтқанда, халық еліміздегі жердің, оның қойнауындағы барлық байлықтың иесі. Бұл құқықты халықтың атынан мемлекет жүзеге асырады. Әрбір қазақстандық жеріміздің және оның қойнауындағы байлықтың игілігін көруге мүмкіндік алады. Бұл күр сөз емес екеніне баршамыз куә болып отырмыз. Президент биыл 1 қыркүйектегі Жолдауында аталған норманың жүзеге асырылуының нақты тетігін ұсынды.

Мемлекет басшысы Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50 пайызын балалардың арнаулы жинақтаушы есепшотына аударуды ұсынды. Қаржы әр бала 18 жасқа толғанға дейін аударылып тұрады. Жинақталған қаржы балалар көмелет жасына толғаннан кейін олардың баспана немесе білім алуына жұмсалмақ. Бұл бастама 2024 жылғы 1 қаңтардан жүзеге асырылады. Президентіміздің тағы бір маңызды бастамасы – «Самұрық-Қазына» қоры таза пайдасының кемінде 7 пайызы жыл сайын «Қазақстан халқына» қоғамдық қорына аударылады.

Екіншіден, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында қабылданып жатқан шешімдер мен іс-қимылдардың нәтижесі. Бұл бастамалар тамыр-таныстық пен рушылдықты түбегейлі жойып, «парасыз қоғам» құруға ықпал ететініне сенімдімін. Бұған конституциялық реформа аясында қабылданған нормалар кепілдік береді. Мемлекет басшысының өкілеттік мерзімінде саяси партияларда болуына тыйым салынады. Президент бұл норманы іске асыруды бірінші өзінен бастады, мұндай норманың әлі күшіне енгенін күтпестен Қ.Тоқаев «Аманат» партиясының қатарынан шығатынын жария етті. Президенттің жақын туыстарына мемлекеттік саяси қызметшілер мен

квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары лауазымдарын атқаруға тыйым салынады. Осы норма арқылы коррупция мен тамыр-таныстықтың тамырына балта шабылады деп үміттенемін. Жұмысқа орналасуда, бизнес ашуда және кез келген азамат үшін маңызды мәселені шешуде протекционизм деген ұғымның жоғалуына ықпал етеді. Мемлекет басшысының тағы бір жақсы бастамасы – сыбайлас жемқорлықпен күрес бағытындағы іс-шаралар. Президенттің тапсырмасымен жемқорлардан алынған қаржы мектеп салуға жұмсалатын болды. Бүгінгі таңда республика бойынша шамамен 100 млрд теңге көлеміндегі қаражат жайында айтылып отыр.

Үшіншіден, Президент Жаңа, Әділетті Қазақстан құру жолында халықтың, әрбір азаматтың әл-ауқаты мен тұрмыс-тіршілігі бірінші орынға қояды. Бұған қатысты өзгерістерді Мемлекет басшысы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында жария етті. Халықтың әл-ауқатын жақсартудағы келесі маңызды қадамның бірі – халықтың белгілі бір топтарына арнайы төлемақы негізінде қолдау көрсету. Мемлекет басшысы Жолдауында 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап бала күтімі үшін төлемақы төлеу мерзімін сәби бір жарым жасқа толғанға дейін ұзартылатынын атап өтті. Осы орайда, айта кететін жайт, 2023 жылға арналған республикалық бюджет жобасында әлеуметтік саланың шығыстары 2022 жылмен салыстырғанда 1 779,3 млрд теңгеге ұлғайту көзделген. Қ.Тоқаев жария еткен бастамалардың басым бөлігі білім беру саласына бағытталған. Бұл ретте, ауыл және қала мектептері арасындағы айырмашылық азайтылып, олардың мазмұндық және техникалық деңгейі теңестіріледі. 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепте оқуына жағдай жасалмақ. Осылайша, апатты жағдайдағы және үш ауысыммен оқитын мектеп мәселесі толық шешіледі.

Бұл бастаманы жүзеге асыру үшін 2023-2025 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасы аясында «Жайлы мектеп» жаңа пилоттық ұлттық жобасы дайындалғаны белгілі. Жоба шеңберінде үш жылдық мерзімде жалпы сомасы 2 606,6 млрд теңгеге 504 мектеп салу жоспарланып отыр.

Бұл – Жаңа, Әділетті Қазақстанды құру жолында Президент бастамасымен жүзеге асырылып жатқан өзгерістердің бөлігі ғана. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев «Мемлекеттің басты міндеті – отандастарымыздың игілігі мен тұрмыс сапасын қамтамасыз ету. Әділ бәсекені дамыту, шағын және орта бизнесті қолдау» деп, елді басқаруда халықтың тұрмыс-тіршілігін жақсарту мәселесін бірінші орынға қоятынын атап өтті.

Мұның барлығы Қасым-Жомарт Тоқаевтың мемлекеттік басқару саласында білімі мен тәжірибесі мол, халықтың сенімін алған, кәсіби дипломат, билік жүргіздеу халықтың мұң-мұқтажын бірінші орынға қоятын тұлға екенінің дәлелі.

Ғани ТАШҚАРАЕВ, Мәжіліс депутаты.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ұлықтау рәсiмiнде сөйлеген сөзi



Құрметті отандастар! Ханымдар мен мырзалар! Қадірлі қонақтар!

Биыл халқымыз үшін айрықша маңызды жыл болды. Қазақстан дамудың жаңа дәуіріне қадам басты. Біз түбегейлі бетбұрысқа жол ашқан ауқымды өзгерістер жасадық. Конституциялық реформаны жүзеге асырдық. Мемлекетіміздің ең басты салаларын жан-жақты жаңғырттық. Соның арқасында халықтың болашаққа деген үміті артып, сенімі нығая түсті.

Мен аймақтарды аралап, тұрғындармен кездескенде бұған айқын көз жеткіздім. Сондай-ақ өткен референдумтың бастамаларды жұртымыздың жаппай қолдайтынын көрсетті. Халықтың дұрыс бағыттағы өзгеріске ұмтылысы жұмысқа зор серпін берді. Біз реформаларды соңына дейін міндетті түрде жеткізіміз қажет.

Конституцияның жаңа талабына сәйкес бұдан былай Президент жеті жылдық бір мерзімге ғана сайланады. Осылайша, саясаткерлердің жаңа буыны билік басына келе бастайды. Мен осы шешімнің дұрыс болғанына кәміл сенемін.

Конституцияға сәйкес билік тармақтары түгел жаңғыртылады. Осындай жаңа саяси маусымды Президент сайлауы бастап берді. Сайлау науқаны 3 айға жуық уақытқа созылды. Осы кезеңде еліміздің болашағы туралы түрлі мазмұнды пікірталастар болды. Жұртымыз өз болашағына бей-жай қарамайтынын көрсетті. Азаматтық қоғамның кемел институтқа айналғаны айқын аңғарылды. Саяси алаңға жаңа тұлғалар шықты. Осылайша, халқымыз 20 қарашада өз таңдауын жасады.

Сайлау әділ әрі ашық өтті. Бұл – байқаушылардың, сарапшылар мен журналистердің берген бағасы. Ел-жұрттың белсенділігі ерекше жоғары болды. Кейбір азаматтар бүкіл отбасымен келіп, дауыс берді. Бұл науқан ел мүддесі үшін ұлт болып біріге алатынымызды көрсетті.

Бабаларымыз қай заманда да бірлігін бәрінен биік қойған. Біз ата жолын сақтай білген, заманауи және өркениетті ел екенімізді бүкіл дүние жүзіне паш еттік. Бірлігіміздің бекемдігін тағы да дәлелдей алдық.

Осы сайлауда жұртымыз маған зор сенім білдірді. Шын мәнінде, ел сенімім еш нәрсенен өлшеу мүмкін емес. Халықтың сенімі – ең құнды нәрсе. Сайлау нәтижесін халқымыздың саяси бағдарыма – бағасы, алдағы жоспарыма – батасы деп қабылдаймын.

Халқының қолдауына ие болып, ел тізгінін ұстау – ең биік мәртебе әрі орасан зор жауапкершілік. Алдағы 7 жылды бүгінгі буынның және келешек ұрпақтың алдындағы борышымызды өтеуге берілген бірегей мүмкіндік деп білемін.

Қазақта «аманат» деген асыл ұғым бар. Халқымыздың сенімі – маған аманат. Осы аманатқа адал болу – мен үшін қасиетті парыз. Ел үмітін ақтап, Қазақстанды өркендеген, бақуатты мемлекетке айналдыру үшін қолымнан келгеннің бәрін жасаймын.

Сайлауға қатысқан барша жұртқа ризашылығымды білдіремін. Науқанға атсалысқан қауымға, байқаушылар мен журналистерге зор алғыс айтамын. Президенттікке кандидаттарға да құрметімді білдіремін. Сайлауда саяси партиялар және қоғамдық ұйымдар маңызды сәтте жұдырықтай жұмыла алатынын көрсетті. Осы ретте мені президенттікке ортақ кандидат ретінде ұсынған халық коалициясы мүшелеріне рахметімді айтқым келеді.

Мен өзіме дауыс берген азаматтардың ғана емес, бүкіл Қазақстан халқының алдында есеп беретін болдым. Қазақта «Байлық не керек, адалдан жимасаң, билік не керек, әділдік құрмасаң» деген сөз бар. Бұл – бұлжытпай ұстанатын өмірлік қағидатым.

Мен бүгін көк туды сүйіп, дана халқымның алдында бас иідім. Азаттық жолында құрбан болған бабалар рухына тағзым еттім. Елімнің арман-мұратына өмір-бақи адал болуға серт бердім. Ешқашан адалдықтан аттамауға және ел мүддесіне қиянат жасамауға ант еттім. Ата заңға қолымды қойып, оның әр сөзін мүлтіксіз орындаймын. Халқымның алдындағы осы антым алдағы қызметімде Мен үшін айнымас темірқазық болады.

ҚҰРМЕТТІ ОТАНДАСТАР!

Өткен Президент сайлауы нағыз патриоттық шара болды. Сайлау азаматтарымыздың ел тағдырына бей-жай қарамайтынын көрсетті. Бұл әділдік идеясының және халықтың ерік-жігерінің салтанат құрғанын, елімізді жан-жақты жаңғырту үдерісі басталғанын білдіреді.

Сайлау Қазақстандағы электоралды процестің ашықтығы мен әділдігін жаңа деңгейге көтерді. Сондай-ақ біздің қоғамның саяси мәдениеті мен кемелдік дәрежесі жоғары екенін танытты. Халық сайлау учаскелерінде алдағы жеті жылға арналған мемлекетті дамыту бағдарламасына оң баға берді. Маған сенім артқан барша отандасыма шексіз ризашылығымды білдіремін. Президент лауазымында елімізге адал қызмет етуге дайынмын. Бұл – зор абырой әрі үлкен жауапкершілік. Мен үшін мемлекет мүддесі бәрінен биік. Алдағы жеті жылда халықтың зор сенімін ақтау үшін бар күш-жігерімді жұмсаймын.

Енді біздің ортақ мақсатымыз – заң мен тәртіп үстемдік құратын, азаматтардың құқығына лайықты құрмет көрсетілетін Әділетті Қазақстанды құру. Қоғамды трансформациялап, Қазақстанды шынайы демократиялық институттары дамыған елге айналдыру үшін ауқымды жұмыс атқаруымыз керек. Сонда ғана ұлттың жаңа сапасын қалыптастырып, қастерлі тәуелсіздігімізді нығайтамыз.

Қазір біз осы қиын-қыстау жолдың басында тұрмыз. Алдымызда атқаратын жұмыс көп. Әрбір азамат елдің болашағы үшін өз жауапкершілігін сезінуге тиіс. Мемлекеттік саясатымыздың негізгі бағыты – білім беру ісінен бастап индустрияландыруға дейін қоғамның барлық саласын жаңғырту. Еліміздің ұзақ мерзімді экономикалық өсімінің негізін жаңа технологиялар, жоғары еңбек өнімділігі, азаматтардың шығармашылық бастамалары құрайды.

Басты міндет – іскер азаматтарымыздың кәсіпкерлік рухына зиянын тигізетін жасанды кедергілер мен шектеулердің бәрін жою. Кәсіпкерлер бизнеске жүргізілетін себепсіз тексерулерді біржолата ұмытуы қажет. Олар тек салық органдарының алдында ғана есеп береді. Мемлекет пен бизнес – сенімді серіктестер. Шағын және орта бизнестің дамуына заңсыз кедергі келтіретіндердің бәрі заңға сәйкес қатаң жауапқа тартылады.

Біз ауқымды индустрияландыруды, инфрақұрылымдарды салуды және жаңғыртуды қолға аламыз. Кең байтақ еліміздің әр өңірінің дамуына тың серпін тексерулерді Шынайы заң үстемдігін қамтамасыз етпей, әділетті әрі нарықтық экономиканы құру, жеке меншікті қорғау, бәсекелестікті дамыту, сыбайлас жемқорлықты жою мүмкін емес. Сондықтан заң алдында бәрінің тең болуы – мемлекетіміздің ұзақ мерзімді дамуының негізгі шарты. Барлық мәселе, әсіресе түйікті және даулы проблемалар конструктивті диалог арқылы, ең алдымен, Парламентте шешілуі тиіс. Алдағы Сенат және Мәжіліс сайлауы осы мүмкіндікті береді.

Біз «түрлі көзқарас, бірақ біртұтас ұлт» қағидатын қатаң сақтауымыз керек. Біз «бірлігіміз – әралауандықта» формуласында көрініс тапқан халқымыздың тарихи жетістіктерін жан-жақты еселеуге тиіспіз. Қоғамда араздық туғызатын және ұлттың бірлігін бұзатын, түптеп келгенде, мемлекетімізге

қарсы бағытталған арандатушылық әрекеттерге қатаң тосқауыл қойылады.

Біз халықтың тілегі мен заман талабына сай тиімді мемлекет құруға міндеттіміз. Бұл – маңызды тарихи міндет. Мемлекеттік қызметке нақты сектордан меритократия және ашық бәсекелестік қағидаттарына сай іріктеуден өткен жаңа басқарушы азаматтарды аламыз. Президенттік кадр резервінің мүшелерін белсенді түрде тартамыз.

Біздің басты байлағымыз – адам. Сондықтан азаматтардың игілігі үшін барлық жағдайды жасау аса маңызды. Еліміз даму жолында, негізінен, өз күшіне сенеді. Сонымен қатар шетелден тікелей инвестиция тарта отырып, түрлі саладағы халықаралық ынтымақтастықты белсенді түрде дамытады.

Қазақстан өз ұлттық мүддесін қорғауға бағытталған теңгерімді және конструктивті сыртқы саясатын жүзеге асыруды жалғастырады. Ресеймен, Қытаймен және Орталық Азиядағы бауырлас мемлекеттермен, интеграциялық бірлестіктер жөніндегі серіктестермен арадағы өзара тиімді ынтымақтастық пен стратегиялық әріптестік мәселелері басты назарда болады. АҚШ-пен, Еуропалық Одақпен, Азия, Таяу Шығыс және Кавказ мемлекеттерімен, сондай-ақ басқа мүдделі елдердің барлығымен көпжақты ынтымақтастықты дамыту үшін бар күш-жігерімізді жұмсаймыз. Қазақстан қазіргі халықаралық құқық пен БҰҰ Жарғысын берік ұстанатын ел болып қала береді.

ҚЫМБАТТЫ ОТАНДАСТАР!

Біз әділетті мемлекет, әділетті экономика және әділетті қоғам құрамыз. Осы қағидаттар менің сайлау алдындағы тұғырнамамда нақты көрініс тапты. Мен оның әр сөзіне, әр сөйлеміне терең мән бердім. Сайлауды бағдарламам – бұл ұзақ ой-толғау мен ізденістің нәтижесі. Тіпті, жүрегімнен шықты десем, артық айтқандық емес. Халықтың бастамаларға қолдау білдіріп, үлкен үміт күтіп отырғанын білемін. Тұғырнамамың әрбір тармағы толық орындалуға тиіс. Мен ол үшін барлық күш-жігерімді жұмсаймын. Осыған байланысты арнайы Жарлыққа қол қоямын. Бұл Жарлық нақты іс-шаралардың жүзеге асуын қамтамасыз етеді. Бағдарламаның мүлтіксіз орындалуын жеке бақылауыма аламын.

Қазір – сайлаудағы жеңісті тойлайтын кез емес, аянбай еңбек ететін кез. Сол себепті арқаны кеңге салмай, бірден іске кірісуіміз керек, босаңсуға болмайды. Осы орайда ең алдымен, қолға алатын бірнеше мәселеге арнайы тоқталғым келеді. Мен сайлауды сөздерімде ауылды өркендету ісіне баса назар аудардым. Бүгінде Қазақстан халқының 40 пайызға жуығы ауылда тұрады. «Ауыл – ел бесігі» деп халқымыз бекер айтқан жоқ. Сондықтан ауылдағы жағдайды жақсарту алмасқа – бәрімізге сын. Сол үшін мен бүгін ауылды дамыту мәселесі туралы Жарлыққа қол қоямын. Осы құжат арқылы Үкіметке ауылды дамытудың 5 жылға арналған нақты жоспарын әзірлеуді тапсырамын. Бұл менің жаңа президенттік мерзімдегі бірінші Жарлығым болады. Үкімет ауылды дамытуға арналған барлық жобаны жүйелі түрде реттеп, жинақтауға тиіс. Содан кейін мақсатты түрде тиімді жұмыс жүргіземіз.

Келесі маңызды бағыт. Біз әділдікті қалпына келтіріп, елден заңсыз шығарылған барлық активті қайтаруға тиіспіз. Бұл үшін Үкімет заңсыз шығарылған капиталды қайтару үшін қажетті рәсімдерді реттейтін заң жобасын әзірлейді. Сонымен қатар заң жобасы әділетсіз баюға және активтерді заңсыз шығаруға ықпал ететін себептер мен шарттарды жоюға бағытталады. Қайтарылған барлық қаржат азаматтардың игілігіне жұмсалып тиіс. Бұл қаржыны жоғары технологиялы өндіріс орындарын ашуға, мектептер мен



ауруханалар салуға, әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруға пайдалану керек. Тиісті Жарлыққа бүгін қол қоямын. Жақын арада ауқатты кәсіпкерлер халықтың игілігі үшін өздерінің әлеуметтік жауапкершілігін жандандырады деп ойлаймын.

Мемлекеттік құрылыста біз «күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласын нақты ұстанамыз. Президент сайлауы биліктің барлық негізгі институтын дәйекті түрде жаңғырту үдерісін бастауға жол ашты. Сайлау ауқымды электоралды циклдің бастапқы кезеңі болды.

Біз саяси жаңғыру үдерісін жоспарлы түрде жалғастырамыз. Бүгін мен «Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутаттарының сайлауын тағайындау туралы» Жарлыққа қол қоямын. Осылайша, жоғарғы палата депутаттарының кезекті сайлауы конституциялық реформаны нақты жүзеге асырудың жалғасы болмақ. Сайлау қорытындысы бойынша Сенаттың депутаттық корпусының бір бөлігі бәсекелестік және ашықтық қағидаттары негізінде жаңарады.

Бұдан бөлек, бүгін мен конституциялық реформаны жүзеге асырудың келесі сатысы ретінде «Қазақстан Республикасы Жоғарғы аудиторлық палатасының кейбір мәселелері туралы» Жарлыққа қол қоямын. Келесі кезең – оны толыққанды трансформациялау. Басқа маңызды әрі өзекті мәселелер бойынша шешімдерді кейінірек жариялаймын. Тағы да қайталап айтамын, алда атқаратын шаруа көп. Бұл – жеңіл жұмыс емес, бірақ елге пайдасы тиетін қызмет. Мен бүкіл мемлекеттік аппараттан осы міндетті абыроймен орындауды талап етемін.

Қолынан іс келетін және елге беріле қызмет жасайтын азаматтарға ғана ортамызда орын бар. Оларға қолдау көрсетеміз, ал қоғам құрметін білдіреді. Халқымыздың нақыл сөзін сәл түрлендіріп айтсақ: «Байлық пен мансап – қолға ұстаған мұз, ериді де кетеді. Ал елге жасаған қызмет – артта қалған із, ол ұрпақтан ұрпаққа жетеді». Осыны әр азамат түсінуі керек.

Ел мүддесі – бәрінен биік. Мен барлық мемлекеттік қызметшіден өз жұмысын адал атқаруды талап етемін. Бір сөзбен айтсам, кәсібилік, адалдық және қарапайымдылық біздің басты қағидаттарымыз болуға тиіс. Қоғамда жаңа құндылықтар орнықтырып, жақсы қасиеттерге ие бола алмасақ, реформаның бәрі бекер.

Көк байрағымыз, төлқұжатымыз және мемлекеттік тіліміз біздің біртұтас халық екенімізді білдіреді. Бабаларымыз біртұтас ел болып, Еуразия төрінде даңқты шежіресін ат тұяғымен жазған Алтын орда мен Қазақ хандығы сияқты мемлекеттер құрған. Сондай-ақ халқымыз ел басына күн туған күрделі сәттерде азаттығы үшін арпалысты. Әйгілі хандарымыздың, батырларымыздың және ұлт қайраткерлерінің ерлігі – осының айқын көрінісі.

Ұлттың бостандық жолындағы табанды күресінің арқасында Қазақ елі тәуелсіздігін алды. Егемен мемлекеттің құрылуына, оның іргесін бекіту жолында орасан зор еңбек сіңірген тарихи тұлғаларымызға әділ баға беруіміз керек.

Табыстарды және оққылықтарды ажырататын бұл – уақыт және тарих. Уақыт – ең әділ қазы, ал тарих – бәріне таразы. Сондықтан саяси науқаншылыққа жол бермеуіміз қажет. Біз болашақта әділетті мемлекет боламыз десек, өткенге әділдікпен қарап, одан тағылым ала білуіміз керек. Жақсыдан үйреніп, жаманнан жирену – өсетін елдің белгісі. Отаншылдық, еңбекқорлық, білімпаздық, жаңашылдық, жасампаздық, жанашырлық, мейірімділік сияқты асыл қасиеттерді бойға сіңіруіміз қажет. Мен бұл туралы жиі айтып жүрмін.

Әділетті Қазақстанда еңбек адамына ерекше құрмет көрсетілуге тиіс. Әсіресе ұстаз, дәрігер, тәртіп сақшысы, құтқарушы, жұмысшы, шаруа сияқты мамандардың мәртебесін одан әрі арттыра түсуіміз қажет. Олар еліміздегі ең сыйлы азаматтарға айналуы керек. Осы кәсіп иелері тиісті құрмет пен сыйға ие болғанда ғана, қоғамымыз шынымен жаңарды деп айта аламыз.

Көпшілік қазіргі уақытта нағыз батырлардың

жетіспейтінін айтады. Бірақ нағыз қаһармандар жұрттың назарынан тыс жерде. Олар біздің арамызда. Батырлар күн сайын зауыт станогында жұмыс істейді, қоғамдық көлік жүргізеді, ұшақ штурвалына отырады, құтқарушының қорғаныс киімін киеді, науқасқа жедел жәрдем беруге асығады, әскери техниканы меңгереді. Нағыз батырлар балаларымыз бен қарт ата-аналарымыздың дастарханы ас-ауқатқа толы болуы үшін ауылда таңмен таласа оянады. Біздің батырлар – өзінің жеке кәсібін бастайтын, жұмыс орындарын ашатын, қызметкерлері мен олардың отбасыларына жаңа мүмкіндіктер тұдыратын кәсіпкерлер. Біздің батырлар – өзінің махаббаты мен күш-қуатын, тәжірибесі мен білімін, мүлкі мен қаражатын қоғамға риясыз ұсынатын еріктілер мен игі іс жасайтындар. Олардың барлығы – халықтың мақтанышы әрі үміті. Міне, осындай еңбек адамдары – еліміз бен мемлекетіміздің тірегі.

Біз өркениеттің алғы шебіндегі мемлекетке айналу үшін тек үйренетін емес, өзгеге үйрететін ұлтқа айналуымыз қажет. Сондай-ақ тек тұтынушы емес, жаңа дүниені өндіруші ұлт атануымыз керек. Оған халқымыздың әлеуеті, дарыны, қарым-қабілеті жетеді.

Мен біздің жастарымыздың ұшқыр және озық ойлы екенін мақтан етемін. Сол себепті Мағжан ақынның «Мен жастарға сенемін» деген сөзін үнемі айтамын. Шын мәнінде, бәріміз жастарымызды қолдауымыз керек. Өйткені өскелең ұрпақ қана елімізді жарқын болашаққа бастайды. Бірақ жастар жетістікке жету үшін көп еңбектенуі керек. Жаңа білім алуға, тың тәжірибе жинауға ұмтылған жөн. Сонда жастарымыз өз кәсібінің хас шебері атанады. Әрдайым сұранысқа ие болады, қоғамда сыйлы болады. Міне, осылай өмір сүрген адам ешқашан, ештеңеден ұтылмайды.

Қазіргі заман уақытты жылдамдатып, оқиғалар тізбегін қабаттастырады. Сөзіміз бен ісіміздің шынайы бағасын тарих таразысы ғана береді. Ар-ұжданымыздың тазалығы мен халқымыздың құрметі – бәріміз үшін үлкен сый.

Біз – рухани мұрасы бай, қарқынды даму әлеуеті зор, қуатты әрі өзін-өзі толық қамтамасыз ете алатын ұлтпыз. Шығыстың ұлы ұстазы Әл-Фараби адамдарды әділ болуға, ақиқатты сүюге, ар-намысты қастерлеуге, сабырлы болуға және қашан да білімге ұмтылуға үндеді. Мемлекеттілігіміздің дамуында қуатты серпіліс жасай алған ұрпақ ретінде тарихта қалуға зор мүмкіндігіміз бар екеніне сенімдімін. Елдің келешегі бізге, барлығымыздың қажырлы еңбегімізге байланысты.

Тәуелсіз елімізді қуатты мемлекет ретінде ұрпаққа аманаттау – біздің борышымыз. Алда талай сынақтар, күрделі кезеңдер болуы мүмкін. Дегенмен ырысты ынтымағымызды сақтай білсек, алынбайтын асу жоқ.

Мен бүгін халқымыздың алдында тұрып, бастаған ісіміз берекелі болсын деп тілеймін.

Қазақ – ырымшыл халық. Мен биыл қасиетті Меккеге барған кезде Қағба төрінде ата-баба рухына құран бағыштап, Алладан бір-ақ нәрсе сұрадым. Ол – елдің амандығы. Шын мәнінде, еліміз аман болса, жеріміз бүтін, бірлігіміз бекем, мемлекеттігіміз мәңгі болады. Осы құндылықтарды мызғымастай етіп бекіту – қазақтың перзенті, Қазақстанның Президенті ретіндегі менің қасиетті парызым. Ашығын айтқанда, қызмет – уақытша, ал халық – мәңгі. Мен президенттік миссиямды халқыммен бірге алдағы жеті жылда абыроймен атқарып шығамын деп сенемін. Біздің Отанымыз – бір, мемлекетіміз – бір, халқымыз – бір! Сондықтан әрқашан бірге болайық, ағайын!

Еліміз өркендей берсін!

*Отанымыз – Қазақстан Республикасы жасасын!
Халқымыз жасасын! Халқымыз әрқашан аман болсын!
Тәуелсіз Қазақстанымыз жасасын!*



ХАЛЫҚТЫҚ КОАЛИЦИЯНЫҢ МІНДЕТІ – ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАЛАРЫН ОРЫНДАУ

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Республикалық қоғамдық штабының қорытынды отырысы өтті. Жиын барысында үгіт-насихат кезеңінде атқарылған жұмыстар талқыланды.

Штаб басшысы Ерлан Қошанов президенттік сайлау заңға және халықаралық нормаларға толық сәйкес өткенін жеткізді.

Ол Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлаудағы айқын жеңісі – қоғамның Президентке және оның реформалар бағытына деген зор сенімінің көрсеткіші екенін баса айтты. Сайлау Халықтық коалицияға кірген барлық партия мен қоғамдық ұйымдарды бір командаға біріктірді. Олар барлық аймақты аралап, ауқымды үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді.

«Жалпы бұл сайлау қоғам мен биліктің елдің ертеңгі дамуына қатысты түсінігі ортақ екенін көрсетті. Халық Президенттің реформалары белгіленген мерзімде және толық орындалатынына сенімді болуы керек. Бұл – Халықтық коалицияның басты міндеті», деді Штаб басшысы.

Ерлан Қошанов Халықтық коалицияның, Республикалық және аймақтық қоғамдық штабтардың мүшелеріне, сенімді өкілдерге, жастар белсенділері мен бақылаушыларға атқарылған жұмыстар үшін алғысын білдірді.

Үгіт-насихат науқаны кезінде Қасым-Жомарт Тоқаевтың жақтастары 42 қала мен 5000-нан астам ауылды аралады. Олар өткізген 24 мың үгіт-насихат іс-шарасына 3 миллион сайлаушы қатысты. Кездесулер барысында азаматтардан 40 мыңнан астам ұсыныс пен тілек жиналды.

«Халықтық коалицияның жұмысы мұнымен аяқталмайды. Біз бәріміз Мемлекет басшысы жақтастарының командасында қаламыз. Коалицияға кірген барлық қоғамдық-саяси күш Қасым-Жомарт Тоқаевтың Сайлауалды бағдарламасын және барлық саяси реформаны жүзеге асыруға белсенді

атсалысады деп ойлаймын», деді Ерлан Қошанов.

Жиын барысында тұңғыш ғарышкер, «Халық қаһарманы» Тоқтар Әубәкіров, «Ақ жол» Қазақстан демократиялық партиясының төрағасы Азат Перуашев, Қазақстан Халық партиясының басшысы Ермұхамет Ертісбаев, қоғам қайраткері Жақсыбек Күлекеев, Қазақстанның Азаматтық Альянсының президенті Бану Нұрғазиева, Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Ұлықбек Есдәулет, белгілі заңгер Бақытжан Базарбек, Павлодар облыстық қоғамдық штабының басшысы Илья Теренченко және «Qazaqstan Team» жастар бірлестігінің басшысы Олжас Сүлейменов және коалицияның басқа да мүшелері сөз алып, өз пікірлерін жеткізді.

egemen.kz

ХАЛҚЫМНЫҢ, АРЫМНЫҢ АЛДЫНДА ЖАУАПТЫМЫН....



Кезектен тыс президент сайлауында басым дауыспен жеңіске жеткен Қасым-Жомарт Тоқаевты ұлықтау рәсімі Астанадағы Тәуелсіздік сарайында өтті. Инаугурация өтетін залға Қазақстанның мемлекеттік туы мен президент байрағы, сондай-ақ, Конституция салтанатты түрде әкелінді. Қасым-Жомарт Тоқаев оң қолын Конституцияға қойып: «Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын қатаң сақтауға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беруге, Қазақстан Республикасы Президентінің өзіме жүктелген мәртебелі міндетін адал атқаруға салтанатты түрде ант етемін», - деп мемлекеттік тілде Қазақстан халқына ант берді. Міне осындай маңызы өте жоғары, тарихи іс-шараға қатынасқаным – мен үшін үлкен жетістік, өмірімнің ерекше бір белестері деп білемін. Біздің алдағы уақыттағы барлық жетістіктеріміз сайлауда айқын жеңіске жеткен Президентпен тікелей байланысты болады. Бұл сайлау тағдырының таңдауын тани алған, ерік-жігері мықты ел-жұрттың кемел келбетін көрсетті. Қасым-Жомарт Тоқаевтың мерейінің үстем болуы қазақстандықтар даналығының жеңісі деп білемін. Бүкіл қазақстандықтар, оның ішінде, солтүстік өңір бүкіл әлемге бірліктің, өзара түсіністіктің, бейбітшілік пен келісімнің, өз Отанын қалай сүюдің жарқын үлгісін паш етті, өз таңдауын жасады. Бүгінде Қазақстанды әлем таниды. Алдағы уақыттарда да Президентіміздің көреген саясатының, тұғырлы тәуелсіздігіміздің, еңселі егемендігіміздің арқасында талай биік белестерден көрінеміз деген ойдамын. Еліміздегі үлкен саяси оқиға - халықтың үлкен сенімі. Алдағы кезеңдердегі саяси, экономикалық реформалардың үлкен басы деп айтуға болады. Осы сайлауға қатысып, өзім таңдаған кандидатыма дауыс бердім. Осы жолы сайлау процесінен байқағаным халықтың мына өзінің тағдырына, келешегіне деген сенімі үлкен екенін көзім жетті. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Халқымның алдында, арымның алдында жауаптымын» - деді. Міне осы бір қағида шынында да өзектен өтетіндей үлкен сенім білдіреді. Ертеңгі халқымыздың болашағы, өркендеп өсуі Президенттің қолында, атқарар еңбек жолында болады. Айтқан сөзін орындайды, берген Антына берік болады деп үлкен үміт артамыз.

**Мереке Хамзин,
«АМАНАТ» партиясы Тайынша аудандық
филиалының атқарушы хатшысы.**

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛІМІЗДІҢ АБЫРОЙЫ АСҚАҚТАЙ БЕРСІН

Қазақстан халқына өткен жылғы Жолдауында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ел тағдырына жаны аштын әрбір азаматқа зор сенім артатындығын айтқан болатын. Қазақстан – ортақ шаңырағымыз! Мен бәрімізді мерейлі мекенімізді өркендетуге үлес қосуға шақырамын!», - деген Мемлекет басшысының сөзіне Қазақстан халқы өз жауабын берді, өз таңдауын жасады. Қазақстан Президенті сындарлы қоғамдық диалог – татулық пен тұрақтылықтың негізі екендігін үнемі айтады. Сол бір қағиданы басшылыққа ала отырып, еліміздің әрбір елім деген азаматы өз елі үшін еңбек етуге, өзі қалаған Президентімен бірге қоғамның жанашыры болуға дайын деп ойлаймын. Мәслихат депутаттары халықтың назарында болып, әрқашан халық игілігі үшін жарқын жобаларды жүзеге асыруда. Жолдар жөнделіп, көшелер абаттандырылуда. Кәсіпкерліктің көкжиегі кеңейіп, жұмыссыздық деңгейі төмендеді. Мұндай атқарылған жұмыстарды ауданның әр ауылдық округінде байқауға болады. Міне, осындай жақсы атқарылған істердің бәрінде мәслихаттардың да өзіндік қолтаңбасы бар. Мәслихаттар халықтың қалауын білдіретін жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқарудың маңызды бөлігі деп білемін. Алғашқы қалыптасқан жылдарға қарағанда, соңғы заңнамалық өзгерістерге сай рөлі біршама күшейтілген мәслихаттарды ел игілігі үшін атқарылар мәнді де мазмұнды жұмыстар күтуде. Мемлекет басшысы атап өткендей, «Қазіргі буынның маңдайына тәуелсіздіктің туын тігу бақыты мен оны нығайтып, баянды ету міндеті қатар жазылды». Бұл міндеттерді абыроймен атқару – әрбір азаматтың қасиетті парызы. Билік тармақтарының алдында ең басты мақсат – елімізді одан әрі нығайту, Қазақ елін «Мәңгілік Ел» ету. Ендеше, бірлігіміз бекем, тірлігіміз тұзу болып, тәуелсіз еліміздің абыройы асқақтай берсін. Жаңа ғана биік тұғырға отырған Президентіміз де халықтың сенімін ақтап, тәуелсіз еліміздің нағыз жанашыр азаматы болады деп сенім артамыз. Халық сайлауға қатысып, өз таңдауын жасап, Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевты Қазақстан Республикасы Президенті етіп сайлады. Халықтың таңдауы дұрыс жасалды деп білем. Өйткені, бұл халықтың өз таңдауы мен қалауы!

Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Конституциясы мен заңдарын қатаң сақтауға, азаматтардың құқықтары мен бостандығына кепілдік беруге, Қазақстан Президентінің өзіме жүктелген мәртебелі міндетін адалға атқаруға салтанатты түрде ант етемін деді, – деп ел алдында ант берген Мемлекет басшысына ақ жол, сәттілік тілеймін. Халық қалауы ретінде еліміздің жағдайы жақсарып, халқымыздың да көтеріңкі көңілі болуы мақсатында мен де өз еңбек үлесімді қосуға тырысамын.

**Ерлан АЛПЫСОВ,
облыстық мәслихат депутаты.**

• Мәдениет

«ДОС-МҰҚАСАН» ТУРАЛЫ ФИЛЬМ ТҮСІРІЛДІ

Қазақ эстрадалық музыкасының негізін қалаған әйгілі «Дос-Мұқасан» тобы туралы көркем фильм жақында көрерменге жол тартқаны белгілі. Тарихы Ертіс-Баян өңірінен бастау алған топ туралы туындыны павлодарлық көрермендер жылы қабылдады. Аты аңызға айналған «Дос-Мұқасан» тобы 55 жыл бұрын Баянауыл жерінде құрылған болатын.

Топ тарихына үңілсек... Бастапқыда әртүрлі музыкалық аспапта ойнайтын қарапайым ғана студенттерден құралған топтың уақыт өте келе әйгілі өнер ұжымына айналатынын ешкім болжамаған-ды. Ансамбль тарихы сонау 1967 жылдан бастау алады. Интернационалды құрылыс отряды Баянауылға келіп, халықтық шаруашылығы нысандары құрылысына атсалысады. Күндердің күнінде жастар музыкалық ансамбль құруға шешім қабылдады. Сол сәтте жас өнерпаздар - Досым Сүлеев, Мұрат Құсайынов, Хамит Асанбаев және Александр Литвин алғашқы концерт те өткізді. «Дос-Мұқасан» тобының бір ерекшелігі - қазақтың халық әндері мен күйлерін өңдеуі. Олар бірте-бірте өздеріне тән орындау мәнерін қалыптастырды. Алғаш рет «рок» стилін дәстүрлі әнмен ұштастыруы олардың ерекшелігі болды. Ансамбль жетекшісі Мұрат Құсайыновтың айтуынша, «Дос-Мұқасан» 1974-1999 жылдар аралығында 5000-нан астам концерт өткізіпті. Ол кезде бәрі табиғи дауыс - пен, ешбір фонограммасыз орындалғанын атап өткен жөн. «Дос-Мұқасан» ансамблі Қазақстанда ғана емес, әлемнің талай елінде топ жарған еліміздің мақтанышына айналды. Ұлттық өнерді заман талабына сай жаңғыртып, жастардың қалыптасуына ықпал еткен аты аңызға айналған топтың ғұмырын «Дос-Мұқасан» фильмі өміршең ете түспек. Ертістің Павлодар өңірінде «Дос-Мұқасан» ансамблінің шығармашылығына деген елдің ықыласы бөлек, ілтипаты ерекше. Торайғыров университетінде топтың тарихынан сыр шертетін шағын мұражай ашылып, ескерткіш бой көтергені мәлім. Мұражайдың тұрақты экспозицияларына қазақтың «Битлзы» атанып, көпке танылған топ туралы сыр шертетін жәдігерлер, құжаттар мен фотосуреттер қойылған. Торайғыров университеті музей кешенінің директоры Гүлнар Рахымжанованың айтуынша, мұражай экспозициясында жүздеген экспонат көрермен назарына ұсынылған. Олардың бір бөлігі музей кешенінің қорларында сақтаулы. Бірегей экспонаттарды дос-мұқасандықтар мұражайға өздері табыс етіпті. Ансамбльдің 55 жылдығына орай шағын музей жаңа кейіпке енген. Сонымен қатар, 2008 жылы Павлодарда, 2017 жылы Атырауда «Дос-Мұқасан» тобының құрметіне ескерткіштер орнатылған.

Жарты ғасырдан астам уақыт бойы тыңдарманын тамаша әндерімен тамсанып келген топтың тарихы туралы осы күнге дейін толықметражды фильм түсіріле қоймағаны белгілі. Таяуда «Агау Media Group» компаниясы осы олқылықтың орнын толтырып, Ұлттық кино қолдау мемлекеттік орталығының демеуімен көркем туындыға сұранып тұрған «Дос-Мұқасан» тобы туралы фильм түсірді. Туынды қысқа уақытта көрермен көзайымына айналып үлгерді. Бұл - көп жыл бойы көпшілікті әсем әндерімен тербеп, жүрек қылын шерткен топқа деген елдің сүйіспеншілігінің, ыстық ықыласының айқын көрінісі. «Дос-Мұқасан» лентасы Ұлттық кино қолдау мемлекеттік орталығы қолға алған жобалардың ішінде ең көп табыс әкелген фильм болып отыр. Көрермен қауыммен қауышқан үш аптада туынды қомақты қаржы жинаған. Премьера басталғалы бері 270 млн теңге жинаған. Кинокартинада әйгілі ансамбльдің құрылған кезеңінен бастап осы күнге дейінгі тарихы суреттелген. Фильмнің сценарий авторы - Ефрат Шәріпов, қоюшы режиссері - Айдын Сахаман, бас продюсері - Айгүл Байбек. Басты рөлдерді актер Мейіргат Амангелдин, Мақсат Сәбитов, Елдос Шайкенов, Саят Мақұлбаев, Айғаным Сағынбаева, Никита Погадаев, Нұрғиса Қуанышбайұлы және Әбілмансур Серіков сомдады. Киногерлердің айтуынша, «Дос-Мұқасан» киножобасының басты мақсаты - достық туралы оқиғаны баяндау. Жалпы, «Дос-Мұқасан» тобының репертуарында 36 ән бар. Бір фильмнің аясында тұтас бір дәуірді алып шығу мүмкін болмағанымен, түсіру тобы ансамбльдің құрылған шағын, шарықтау шегін, яғни Ташкентте, Минскіде, Берлинде жеткен жетістіктерін көрсетуге тырысқан. Фильмде сол кезеңге қатысты әндерді қамтуға мән берілген. Атап айтқанда, әйгілі «Той жыры», «Алматы түні», «Ты моя мечта», «Қуанышым менің», «Сағындым сені», «Алатау», «Қайдасың?» атты авторлық әндер және «Құдаша», «Ауылың сенің іргелі» және т.б. халық әндері бар. Аға буын өкілдері бұл фильмді тамашалай отырып, жастық шақтарына ойша саяхаттаса, жастар жағы құлақта жатталып қалған әсерлі әндердің орындаушысы - «Дос-Мұқасан» тобының шығу тарихымен, өнердегі жетістіктерімен жақын танысты. Фильм топтың шығармашылығына қызығатын жастардың көбеюіне ықпал етері де сөзсіз.

Өкінішке қарай, жергілікті кинотеатрлардағы «Дос-Мұқасан» фильмінің премьерасы аяқталды. Оның өзі тек 22.40-та көрсетілгендіктен, көрерменге қолайсыздық туғызды. Көпшілікті тәнті еткен топ туралы тың туындыны үлкен экраннан тамашалауға үлгермеген жұртшылық үшін қайта көрсетілім ұйымдастырылса деген тілек бар. Облыстық мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы халыққа рухани азық беретін отандық киноөнімдерді көпшілікке ұсынуға жағдай жасаса, нұр үстіне нұр болар еді. Себебі, бұл фильмде тек бір топтың тарихы емес, қазақ мәдениеті мен өнері тамаша көрініс тапқан.

ҚАЗАҚСТАНДА ҮЗДІК ЖАС ПИАНИСТЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Елордада Astana Piano Passion республикалық жас пианистер байқауының жеңімпаздары марапатталды. Оған 7 жас-тан 17 жасқа дейінгі жас таланттар қатысты.

Байқау қорытындысы бойынша Алматы қаласынан келген 15 жастағы Жұлдыз Ержеңіс Astana Piano Passion Гран-при иегері атанып, 3 000 000 теңге ұтып алды. Сондай-ақ, оған «Астана Опера» театрының Камералық залында жеке концерт ұйымдастыруға немесе әлемге әйгілі маэстро Алан Бөрибаевтың жетекшілігімен Симфониялық концертке қатысуға мүмкіндік берілді.

«Мәдениет саласындағы маңызды бағыттарының бірі - еліміздегі жас таланттарды қолдау, олардың шығармашылығына жол ашу. Бүгін жеңімпаз атанған ұл-қыздарымыз болашақта әлем сахналарын бағындыра алатынына сенімдімін. Алдағы уақытта іс-шара ауқымын бұдан да кеңейтуіміз керек. Себебі, музыкада шекара болмайды, кез келген әуеннің тілі барша халыққа ортақ. Бүгін марапатқа ие болған жеңімпаздарды шын жүректен құттықтаймын», - деді Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев Гала-концерте.

Іріктеу кезеңіне 112 бала қатысты, оның 59-ы жартылай финалға өтті. Қазылар алқасы еліміздің барлық облыс орталықтарына барып іріктеу турларын және балаларға арналған шеберлік сабақтарын өткізді. Қазылар алқасы құрамында еліміздің көрнекті мәдениет және өнер



қайраткерлері, сондай-ақ фортепиано өнері саласындағы халықаралық байқаулардың лауреаттары болды.

Байқау қорытындысы бойынша жас ерекшелігіне сәйкес үш топ арасында I, II және III орын иегерлері анықталды. Үздік музыканттарға ақшалай сертификаттар табысталды.

ҚР МСМ баспасөз қызметі.

• Өнер. Мәдениет

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ АЙШЫҚТАҒАН



Елордадағы Ұлттық музейде Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, талантты қылқалам шебері Оралбек Қабөкенің «Бейне» атты жеке көрмесі ашылды. Көрмеге суретшінің 90-нан аса туындысы қойылды. Оның көбі автордың биыл салған еңбектерінен құралып, арнайы тақырыптарға бөлінген. Әр тақырыптың көтеріп тұрған жүгі жеңіл емес болса да, бәрі де - ұлттық болмысымызды айшықтаған арнаға тоғысады. Әсіресе жас таланттың психологиялық портреттері айтар ойының тереңдігімен, бояуының көркемдігімен ерекшеленеді. Біз көбінесе қоғамдағы кез келген құбылыстың сыртқы бейнесіне мән береміз де, ішкі әлеміне жіті үңілмейміз. Негізі, осы дұрыс па? Ал суретшінің осы портреттерін көргенде, сыртқы әсемдікке деген құштарлығыңыз, ойыңыз, көзқарасыңыз өзгереді. Сіз оны енді басқаша түйсінесіз. Бұл картинаның астарында қазіргі мың құбылған уақытта адамдық шынайы болмысымызды, қасиетімізді қалай сақтап қала аламыз деген терең философиялық ой жатыр. Суретші соны меңзейді. Сондай-ақ «Атамекен» атты триптих мүсінінде қазақтың қазыналы қариясы арқылы - жұмыр жердің бетінде ата-бабаның қаны тамған жерден артық ел жоқ екенін бояу түсімен көркем жеткізген. Ал «Уақыт және құн» атты сериясымен салған еңбектерінде алғашқы ұлттық теңемізде жарияланған айтулы тұлғаларымыздың бейнесі айшықты бейнеленген. Сонымен қатар қазақты отбасылық құндылықты дәріптеген туындылары да келушілерге мазмұнды ой салды. Мәдени іс-шараның ашылуында белгілі суретші Сембіғали Смағұлов жас таланттың шығармашылығы туралы парасатты ой қорытты. «Сонау тоқсаныншы жылдардағы қиыншылық кезеңде бейнелеу өнерінің дамуы кішкене

бәсеңдеп қалды. Өйткені оған сол кездегі күрделі жағдайдың әсері тиді деп ойлаймын. Әйтпесе бейнелеу өнерімізге сонау алпысыншы жылдардан бастап, леклек талантты жастар келіп, ұлттық өнерімізді биікке көтерді. Сол үрдіс аздап үзіліп қалғандай болып еді. Енді, міне сол, қайта жанданып, қазір бейнелеу өнеріне дарынды жастар көптеп келіп жатыр. Соның бел ортасынан Оралбек Қабөкені көреміз. Бүгін біз оның елді қуантқан көрмесінің күәсі болып отырмыз. Талантты суретшінің әр жұмысынан ұлттық бояуға бай қолтаңбасы айшықталып тұрады. Оны ешкімге ұқсата алмайсыз. Ізденгіш, айтар ойы да терең», деп көрме иесіне жылы лебізін білдірді. Одан кейін сөз алған танымал қылқалам шебері Лейла Махат Оралбектің өмірге өзгеше қарайтын суретші екендігін атап өтті. «Ол халқымыздың тарихы мен салт-дәстүрін жақсы біледі. Бір жағынан, шығармаларынан өнерге адалдығы көрінеді», деп лайықты бағасын берді.

«Бұл көрменің «Бейне» деп аталуы тегін емес. Өйткені ол менің шығармашылық бейнем ғана емес, қоғамдағы әр құбылысты жандүниемнен сезініп өткізген бейнелердің жиынтығы десем болады. Көрмеге қойылған картиналарымыздың денін биыл салдым. Біз қазір уақытпен жарысып күн кешеміз. Әрбір өнер адамы өзі өмір сүрген уақытты бедерлейді. Мен де ұлттық бейнеден ажырамай, өз дәуірімнің келбетін сомдап, халқымыздың болмысы мен ерекшелігін бейнелесем», деген мақсат мүддесін айта келіп, осы көрмені өткізген Ұлттық музей ұжымы мен жиналған жұртшылыққа алғысын айтты.

Азамат ЕСЕНЖОЛ,
журналист.

екіншісі – Ұзақ батыр. Жәмеңке жасы жетпіс бестен асқан, өмірдің ащы-тұщысын түгел көрген, дәстүр-салтты бес саусағындай білетін, ел жорасының майталманы, көмейі бүлкілдеген шешен, азаттық жолында жанын беретін, қазақ едінің тәуелсіздігі үшін ғасырлар бойы күрескен ескі билердің соңғы тұяқтарының бірі. Қазақ ауылындағы таптық жіктеліс Рахымбай болыс, Оспан тілмаш, оған қарсы топ Жәмеңке, Ұзақ, Жанпейіс, Ыбырай араларындағы қайшылықтан танылады. Рақымбай – орта жастардағы, шала-шарпы орысшасы бар, пысық болыс. Патша отаршыларымен оның ым-жымы, ұрлық-қарлығы бір, солардың қолтығында жүреді. Жігіт алу кезінде халықты көзге алдап, сыртынан сатып жіберу – табығатына жарасымды қылық. Рақымбай мен Оспан тілмаш та опасыз. Бір екенің баласы батыр Ұзақ, Тұнқатар арасы кереғар. Ұзақ – көтеріліс басшысының бірі. Тұнқатар мал беріп, пара беріп жанын алып қалу пендешілігімен әуре. Бұл екеуі туысқандай емес, бір-бірімен ата жаудай. М. Әуезов қилы заманға тап болған қазақ елі әлеуметтік топтарының да ішкі жіктерін көрсете алған. Әрі олардың бәрі қалыптасқан характер ретінде бейнеленген. Романда характер эволюциясы емес, қалыптасқан характерлердің қиын жағдайлардағы іс-әрекеті, ойлары, сезімдері бейнеленеді. Мысалы, романдағы Жәмеңке, Ұзақ, Ақжелке, Рахымбай, Тұнқатар, Дәулетбек, Оспан т.б. сөзі, ойы, сезімі ғана емес, мінез-құлқы, қимыл-әрекетіне дейін даралана бейнеленеді.

Қаламгер ел басына күн туғанда оның басы-қасында кімдердің болғанын тебірене жазады. Патша жарлығына, қарулы әскерге көтерген күштердің рухани әлемін, жігер қайратын талдай суреттейді. Түрлі әлеуметтік топтардың алуан түрлі мақсаттары көрсетіледі. Мысалы, «Кешеден бері әншейінде пысықсып, тілмарсып жүрген Албан ішінің үлкенкішісі, жақсы-жамандарының бәрінің де сөздерін естіп шықты. Бірде бірінің сөзінде түпкір өріс жоқ. Істейтін істің ем домы жоқ. Құр ғана Албанның өткен күні пәлен еді, бүгін мұндай апат келді, ауыр күн тұды, ақыр заман болды дегеннен басқа, құр зарлағаннан басқа ештеңе айтпайды. Жоғарыдағы Ұзақ батыр бейнесінің кейбір суреттері мен астарларына оралайық. Алғаш сөз алатын Жәмеңкеден кейін, толғаныста жүрген Ұзақ батыр ақтарылды. Оның сөзіндегі ойлары ірі. Ел басына орнай қалған қилы заман бүгін ғана туған жоқ. Ер азамат арқасына аздай батқан қасірет батыр арманымен де қабаттасады. Батыр қарулы әскерге қарсы шыққалы отырған ел әрекетіне емес, оның намысының оянғанына, соны қартайған шақта өзінің көргеніне қуанады. М. Әуезов ұнамсыз кейіпкерлерін дәстүрлі әдебиеттегідей бірден ұнамсыз қалыпта бейнелеуге тырыспайды. Оның ішкі құлқы мен сыртқы түрі арасындағы алшақтықты тура немесе жан-нама мінездеу арқылы да айтады. Бойға сіңген дағды бойынша қызметке кіріскеннен бергі көздеген нысана мал мен атақ, жылы, жайлы орын табуға ғана арналғандықтан, бұнда да сырт көрінісі болмаса, ішінде құралған негізгі пікір, бағыт жоқ еді. Ел қамы, көп мұңы дегеннен, «қалың жұрт тұрмысына жайлы, жайсыз болар ма? – деген сұрақтардан бұның басы да, жүрегі де аман болатын. Жазалаушылар Жәмеңке, Ұзақ, Әубәкірлерді абақтыға қамап, көтерілісті басшыдан айырып, олардың тобын ірітпекке қадам басқан. Ашық өлтіруге халық қаңарынан қорқып, Жәмеңкенің тамағына у қосқызады. 75 – тен асқан бас қарияның азапты өлімін суреттейтін беттерді оқығанда, төбе құйқаң шымырлап, жүрегің сыздағандай болады. Құлазып елсіз қалған жайлау, иесіз қалған мал-мүлік жайында жазушы шығарманы төмендегідей аяқтайды. «Артында қара түтін боп жәрмеңке қалды. Иесіз болып қаңырап Алатаудың жайлауы қалды. Кіндігін кескізіп, кірін жуған момындық күні қалды. Албан албан болғалы қыстың жұтын, жаздың індетін көрсетпеген, жер кіндігі – ата қоныс мекені қалды. Тау-таудың саласындағы иесіз шулап, қора-қора қой қалды. Тау толған арқар, бұғы, елік, қарақұйрық, таутекедей жабайы, жайын көршілері де қалды. Алдында белгісіздікке толған тұманды күндері құшағын жайды. Артына нәлет айтып, алдына қарай жол тартты». М. Әуезов «Қилы заман» романында характерлер жасау жолында портрет пен мінездеудің, жинақтау мен даралаудың қазақ әдебиеті үшін дәстүрлі жаңа үлгілерін де шығармашылық талантпен меңгере қолданады. Ірі характерлер сомдау жолында қаламгер қолданатын әдіс тәсілдер шығармада салалас, сабақтас сюжеттердің аралас келуі, шеберлікпен қолданылуы көркем мазмұнды романдық хронопта жан-жақты және тереңдей, көлемді бейнелеуге негіз жасаған. Үлкен табыс – жазушының өрнекті, бейнелі көркем тілі.

Құрметті газет оқырмандары! Тарихи деректерге, әдебиеттер мен тарихи жазбаларға сүйене отырып, ұлы жазушының шығармаларын жариялап отырмыз. Егер, сіздерде де тарихи деректер, қолжазбалар сақталса, сонымен қатар, жазушының шығармалары бойынша ой-пікірлеріңіз болса, көпшілікке газет арқылы ұсынуға болады. Бұл-біздің тарих! Рухани жаңғыру! Ғұлама жазушының еңбектері- кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге!

20 ҚАРАША – БҮКІЛӘЛЕМДІК БАЛАЛАР КҮНІ



Балаларға арналған көптеген мереке бар, соның ішіндегі ең танымалы – Бүкіләлемдік балалар күні, бұл мереке 20 қарашада аталып өтеді. 1989 жылдың 20 қарашасында «Балалар құқығы туралы конвенция» қабылданды. Ал 1954 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы осы күнді мереке деп белгіледі.

Тайынша қаласының №4 орта мектебінде осы атаулы күнге арналған 5-10 сынып оқушылары үшін «Балалар мемлекеттің қамқорлығында» атты іс-шара өтті. Аталмыш мектептің тәрбие ісі жөніндегі меңгерушісі Н.Качалкина, аудандық прокуратурадан прокурор А.Шынтемір, №4 орта мектептің әлеуметтік педагогі А.Галышевский, «Тайыншинские вести» аудандық газетінің редакторы О.Соболевская, АПБ өкілдері іс-шара барысында тақырыпқа байланысты өз ойларын жеткізді. Кездесуге шақырылған қонақтар балаларды құқықтық құжаттардың пайда болу тарихымен, олардың бала өміріндегі маңызы туралы таныстырып, мысалдармен құқықтар мен міндеттердің бірлігін көрсетіп, сол арқылы оқушылардың құқықтық білімдерін кеңейте түсті.

Диалог аясында «Балалар құқығы туралы конвенция» қалай жұмыс жасайтынын, қазақстандық балалардың құқығын қорғау бойынша мемлекеттің қандай шаралар қолданатынын түсіндірді.

Кәмелет жасқа толмаған балалардың құқықтар нормасы Қазақстан Республикасының заңнамасында «Неке (Ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің қабылдануымен пайда болды. Осы Кодексті қабылдағанға дейін балалардың құқығы ата-ана мен баланың құқықтық қатынасының аралық әсерімен қарау арқылы қарастырылатын. Сонда балалар өздерінің іс-әрекетке қабілетсіздігінен жеке құқық иесі бола алмай, керісінше ата-ана қамқорлығының пассивті нысаны ретінде қарастырылған, – деді өз сөзінде Н.Качалкина.

Кодексте мемлекеттік саясаттың балаларға қатысты негізгі мақсаттары: заң бұзушылық орын алған кезде балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;

баланың құқықтық кепілдіктерінің құқықты негіздерін қалыптастыру; балалардың физикалық, интеллектуалды, рухани және адами дамуына қолдау көрсету.

Осылайша, бала өмір сүруге құқылы, қорғалуға құқылы, денсаулығын қорғауға, баспаналы болуға, білім алуға, жеке тұлға болуға және оның сақталуына, мемлекеттік көмек алуға құқылы бола алады. Одан басқа, баланың негізгі құқықтары деп: отбасында тұрып тәрбие алу; ата-анасының кім екенін білуге; ата-анасымен бірге тұруға (бұл оның мүдделеріне қарсы келмеген жағдайда), олардың тарапынан қамқорлыққа, ата-анасының тәрбиесіне, ал олар болмаған немесе ата-ана құқығынан айырылған болса, қамқоршысының немесе балалар мекемесінің тәрбиесіне; жан-жақты дамуына; қадір-қасиетінің құрметтелуіне; ата-анасымен және басқа да туысқандарымен араласуға; өз ойын айтуға; аты, тегі мен әкесінің атын алуға; өмір сүруге қаражат алуға, жеке шығындарға құқылы деп белгіленген.

Балаларды ата-аналарынан айыруға болмайтындығы жайында да айтылды. Ата-ананың бала тәрбиесінде жауапкершілігі мол. Егер баланың ата-анасы болмаса, ол жауапкершілік «қамқоршы» деп аталатын басқа ересек адамға жүктеледі. Ата-ана да, қамқоршы да тек баланың мүддесі үшін әрекет ету керек. Күтім жасауға, қорғауға немесе емделуге орналастырылған баланың жағдайы жақсы екеніне көз жеткізу үшін тұрғылықты жағдайын тұрақты түрде тексеріп отыруға міндетті.

Кездесуде осы тақырыптар барысында сөз қозғалды. Балаларға қандай да бір мәселе болған жағдайда, іштен тынбай, мәселемен үлкендермен бөлісуді немесе тиісті ұйымдарға хабарласу керектігі туралы ескерілді.

Бүкіләлемдік балалар күні – балалар мен балалықтың нәзіктігін, олардың ата-ана, қоғам, қоршаған орта үшін қаншалықты бағалы екенін еске салуға шақырады.

Наталья КАЧАЛКИНА,

№4 орта мектебі директорының орынбасары.

УАҚЫТША ОТБАСЫ ЖОБАСЫ ТУРАЛЫ

«Уақытша отбасы» жобасы шалғайдағы ауылдан келген балаларды мүмкіндігінше жайлы ету қажеттілігіне байланысты жүзеге асырылды. Балалар көрші ауылға оқу үшін күнде жол жүрмеуі үшін жасалынған. Ал, ең алдымен, шағын елді-мекендердегі мектеп жасындағы балалардың сапалы білім алуға қолжетімділігін арттыруға бағытталған.

Тайынша ауданында бұл «Уақытша отбасы» пилоттық жобасы 2021-2022 оқу жылынан бастап қолға алынған.

Біздің аудандағы ерекше жобаның бастаушылары Денецк орта мектебінің мұғалімдері болды. Өткен оқу жылында бір отбасы бала асырап алса, биыл тағы біраз ұстаздар уақытша отбасы құруға бел бұған. Уақытша тәрбие алғаны үшін олардың барлығы 19 АЕК-ке дейін жалақы алады және бір баланы асырау үшін ай сайын 7 АЕК-ке дейін төленеді.

«Уақытша отбасы» пилоттық жобасы тиісті білім беру ұйымы жоқ ауылдық елді-мекендердің балаларын оқу жылы ішінде баланы қабылдауға келіскен басқа отбасында уақытша тұруды ұйымдастыруды көздейді.

«Уақытша ата-ана» баланы тәрбиелеуге апарар алдында күш сынағынан өтуі керек. Ол үшін сарапшылар үміткерлерге қойылатын критерийлер мен талаптарды қарастыратын белгілі бір алгоритм әзірледі. Ең алдымен, басты рөл бүкіл отбасының денсаулығы туралы анықтамаға берілді. Үміткерлер наркологиялық, психиатриялық, туберкулезге қарсы, тері-венерологиялық диспансерлерден анықтама және соттылығының жоқтығы туралы анықтаманы ұсынуы қажет.

Екінші маңызды шарт – оқушының өмір сүруіне және оқуына қажетті қолайлы жағдайлардың болуы. Баланың патронаттық отбасында тұру кезеңінде оның жеке бөлмесі,



үй тапсырмасын дайындау үшін жеке жұмыс орны болуы керек. Барлық осы шарттар орындалған жағдайда оқушының уақытша отбасында тұруы туралы тиісті шешім қабылданады. Осыдан кейін нағыз ата-ана, патронаттық отбасы және білім бөлімі оқушыны оқуға ауыстыру туралы үш жақты келісімге қол қояды.

Осылайша, шалғайдағы ауылдық елді-мекендердің балаларының тұруын ұйымдастырудың «уақытша отбасы» сияқты баламалы тәсілдерін енгізу балалардың сапалы білім беру қызметтеріне қол жеткізуіне жағдайды жақсартуға ықпал етеді.

Отбасы тәрбиесі балаларға психологиялық жайлылықты, отбасылық тәрбие құндылықтарын, көп ғасырлық дәстүрлерді сақтауды қамтамасыз етеді. Сұрақтар бойынша аудандық білім бөліміне хабарласыңыздар. тел. 21259.

Айнагүл ШАХМЕТОВА,

аудандық білім бөлімінің жаппай білім беру бойынша бас маманы.

«ҰЯДА НЕ КӨРСЕҢ, ҰШҚАНДА СОНЫ ІЛЕСІҢ»



Қыран құс шамамен 70 жыл өмір сүреді. Алайда, осы жасқа дейін ол аса бір қиын кезеңді бастан өткереді. Қыран қырыққа толғанда қара тасты қақ жарар қайқы қара тұмсығының жүзі мұқалып, имейіп қалады екен. Қиядан көрген қызылдың қадамын аштырмай бүріп алар қылыштай қылшылдаған тырнағы қауқарсыз халге түседі. Бұл екеуі – оның басты қаруы һәм негізгі тіршілік құралы. Қос қанаты ауырлап, өзіне жүк бола бастайды. Бұрынғыша жеңіл ұшу жоқ. Аспан тағысы үшін өте ауыр азап.

БҮРКІТКЕ ЖАРАТУШЫ ТАҢДАУ БЕРГЕН

Осы бір кезеңде бүркіттің екі таңдауы болады. Бірі – басқа түскенге бағынып ит жемеде аштықтан бұратылып өліп тыну, екіншісі – ағынға қарсы жүзумен қайта түлеп, жаңа өмір бастау. Мұны қазақ «Қыранның қайта түлеуі» дейді. Ол – 150 күнге созылады. Екі жолдың екеуі де оңайға соқпасы анық. Алайда, таңдау – біреу.

Қыран құс алдымен, өзі түлеп ұшқан құз қабағындағы ұясын табады. Сол ұяға қонақтап, майырылған тұмсығын тасқа ұрып сындырады. Тұмсығы қайта шыққанша күтеді. Содан соң икемге келмей, имейіп қалған тырнақтарын сындыра бастайды. Тырнағы шыққанша тағы күтеді. Осы кезеңде мынадай бір сұрақ туындауы мүмкін. «Неге тұмсығы мен тырнағын бір уақта сындырмайды?» деген. Олай етсе, күнде жем-азығын қалай таппақ?! Ол тұмсығын сындырған уағында жемін икемге келмей қалған тырнағымен-ақ ілдәлап табады. Ал, тұмсығы шыққан соң тырнағын сындырып, жемін тұмсықпен табуға тырысады. Бұдан соң қыран ұшуға кедергі кәрі қауырсындарын біртіндеп жула бастайды. Жаңа қауырсын шыққанша күтеді. Бүркіттің бұл түлеуіне, жоғарыда айтқандай, 5 айға жуық уақыт керек. Осы бір қилы кезеңнен соң қырықтың қырқасына шыққан қыран құс тастүлектей қайта алғырлана түседі. Көзі қарыққанды іліп, тырнағы түскеннен айырылмастай байырғы ептілігін қайта табады. Осылайша, қыран тағы 30 жыл өмір сүруге мүмкіндік алады.

«ҰЯДА НЕ КӨРСЕҢ, ҰШҚАНДА СОНЫ ІЛЕСІҢ»

Арқадағы байырғы баба салтын жалғаған бүркітші Темірәлі Төлегенұлы қыран сырын бір кісідей білетін азамат. Оның дала тағысымен сырластығына 10 жылдай болды. Сөзіне сүйенсек, бүркіт 4 жасынан бастап ұя сала бастайды. Денесі толық жетілгеннен соң жұптасады. Ал, жұптасқаннан кейін аққулар секілді тіршілікте ақырына дейін бірге болады. Ұялайтын мекені тұрақты әрі 2-3 шақырымдай кең алқапты алады. Ол өзі мекендеген аумаққа басқа ірі құстарды жұтпайды, ұсақ құстарға тимейді. Ұя салу науқаны наурыз немесе көкек айларында басталады. Бүркіт ұясы мұнарасы мұнартақан 1000-3000 метр биіктіктегі тау жартастар-кенерінде кезігеді. Бұл да бүркіттің өктемдігі мен өрлігін айғақтайтындай.

Әрбір жұп бүркітте 2-3 бірдей ұясы болады. Бірақ, қыран соның біреуіне ғана жұмыртқалайды. Келесі жылы басқа ұяға кезек ауыстырады. Ұясының көлемі ірі құсқа лайық едәуір үлкен. Ұя құраған бұтақшыбықтарынан тұрады да, аздаған таяз шұңқыр жасалады. Ұяның түбіне шөп-шалам мен жылқының құйрық-жалы, жүн-жұрқа төселеді. Ұя шұңқырының тереңдігі – 10-15 см, диаметрі – 30-40 см. Бүркіт ұясын өте таза ұстап, айналасын лас-қоқыстан тазартып, орнын арша, жусан, құрай тәрізді иісі аңқыған өсімдіктермен алмастырып отырады. Сарыауыз шағынан қасқыр, түлкі, киік етін жеп дәнникендіктен өсе келе, сондай аңдарға құмар. Бұл қазақтың «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген қанатты сөзінің арқауына айналған. Қыран түрлі жануардың, оның ішінде, ірі сүтқоректілердің етін азық етеді.

Таудағы таутекені де талай іліп жардан жалпасынан түсіргенін әлеуметтік желіден көріп-ақ жүрміз. Ашынса, адамға да шабарын ұмытпайық. Қасқырды қанатының астына өңгергенде адам одан әулие ме екен?!

– Бүркіттің «күй ойнағы» басқа жыртқыш құстардікіндей өтеді. Ерекшелігі – өте сақ құс. Олар қаңтарда шағылысып, ақпанда ұя жөндейді. Ал, наурыздың басында, не көкек айының соңын ала қоңыр дақты көмескілеу, бір не екі жұмыртқа табады. Жұмыртқаның ұзындығы – 70-80 мм, көлденеңі – 56-60 мм. Оны аталығы мен аналығы кезектесіп 40-45 күн басады. Балапанын күніне 1-2 мәрте жемдейді. Алғашқы бір аптада құсығымен қоректендіреді де, одан кейін етжемге ауысады. Осы кезде балапан «аш үрпек» болады. Бүркіт балапанын жердің ыңғайына байланысты 60-75 күн баулиды. Күн санап қауырсыны өсіп қатайып, «қылышы» айқасқан соң ұшуға талпынады. Балапанын алғаш ұшарда бүркіт қанатымен демеп, сүйемелдеп үйретеді. Әлбетте, бірінші рет ұядан көтерілерде желді күнді таңдайды. Жасықтау балапанын енесі өзі жардан қағады. Бірақ, қанатымен сүйемелдеп құлатпауға барын салады, – деп адамға тән балажандықты меңзегендей бүркітші Темірәлі Төлегенұлы.

Оның айтып отырғаны құс төресінің тектілігі. Аталықтың бала-бүркіттің бойындағы жігер мен қайтпас қайсарлықты оятуы. Тірнектен өткен қыран кейін қанаты қатып, еншісі бөлінген ер баладай өз алдына жеке шығады.

– Бүркіттің жасы турасында түрлі дерек бар. Әр жердің құсбегісі алуан атаумен атайды. Көнекөз қариялардың айтуынша, 33 рет түлеген құсты көзімен көргендер болған. Бірақ, қазақ құсбегілері құс жасын ең ұзағанда 12 жасқа дейін санайды.

Құсбегілер көп айтар құс жасын Балапан, Қан түбіт, Тірнек, Тастүлек, Мұзбалақ, Көк түбіт, Қана, Жана, Май түбіт, Барқын, Баршын, Шөгел деп 12 атауға бөледі, – дейді бүркітші Темірәлі Төлегенұлы.

Ал, астаналық құсбегі Серікбек Күнтуған қыран атауында небір ел естімеген атаулар барын алға тартады Бүркіт жасы мен ерекшелігіне қарай аталатын көрінеді. – Әуелі балапан, тірнек, тастүлек, ана, қана, жана, құм түлек, құтүлек және сұмтүлек болып бөлінеді. Тоғыз жастан әрі асқан бүркіттің «мола» деп мүшел жасын он буынға бөледі. Қарап отырсаңыз, қазақтың осы атауларының өзі-ақ бүркітке анықтауыш болып тұр, – дейді Серікбек Күнтуған.

Расында, тірнектен соң тастүлек болғанда қыранға еш қауіп жоқ. Мұзбалақ, ана, қана, жана жасында қынынан суырған наркескендей қылшылдай түседі. Сондықтан болар, аталардың «Қыран жасы қана де, қанасында салғанда ала алмаса, амал не?!» деуі. Бұл да адамзатқа берілген астарлы мысал, ақылдыға өсиеттей. Пенде де кейбірі орта жасқа келсе де, жас баланың әрекетін қылуға әуес. Ал, жасы бас болуға асығады. Бұл тағдыр қыранның да басында бар. Тек қыранның қырағысы ғана осы кезеңде сыналады һәм шыңдалуға талпынады...

Жансая СӘРСЕНБАЙ,
журналист.

ҚЫЗ БАЛА – СҰЛУЛЫҚТЫҢ СИМВОЛЫ



Қазақ қызды сұлулықтың символы деп қадір тұтқан. Аяулысын көздің қарашығындай сақтаған әрбір ана сабиі туғаннан оқалы тақиясын кигізіп, өсе келе оны құндыз бөрікке ауыстырған. Ұзатқанда сәукелесін сәндеп, келін болғанда кимешегі мен жаулығын ораған. Осылайша, қастер тұтқан дәстүрімізде ақ кимешектің киесі әріден бастау алған. Кимешек жөнінде сөз болса әркім ақ жаулықты әжесін ойлайтын секілді. Мұқағалиша айтсақ «Әже, сен бірге жүрсің меніменен, Өлге мен өзіңді телімегем. Ақ кимешек киген бір кемпір көрсем, Ақ кимешек астынан сені көрем...»

Бағзыдағы ғұн бабаларымыздың әйелдерінің шошақ бөрікке ұқсас орамалды бастарына орап жүрген бейнелерін тарихи кітаптардан талай көргенбіз. Сондықтан, әрбір жас қазақ әйелге тән әдемі кимешектің тарихы тереңде екенін жақсы білуі тиіс. Кимешек киізетін адамды да арнайы ниетпен сайлап, көне қазақ ғұрпының ретін сақтаған. Үлкендердің айтуынша, қызының отау құрып, көп ұзамай құрсақ көтеріп, ана болуын тілеген аналар кимешекті алдын ала тіктіріп, сақтап қоятын болған.

– Анам емші әженің кимешегін ырымдап әдейі сұрап алғаны есімде. Бірақ, оны не істегенім, қайда қойғанын өзі біледі. Кейін маған сыйлайтынын айтқан болатын, – дейді қарағандылық тұрғын Мөлдір.

Кимешектің жас анаға абырой, бедел сыйлайтыны бағзыдан белгілі. Қазақ даласында туып өскен дарабоз тұлғалардың өзі ар-ұятты қорғайтын жаулықтың астында омырау еміп, бетін күн көзінен көлеңкелеп өскен. Сондай-ақ, кимешекке қарап әйелдің жасына, қандай әулеттің, рудың отын тұтатып отырғанын білген екен.

Тарих беттері ертеде екі тайпа ел жауласып өзара бітімге келе ал мағанда ақ жаулықты аналарымыз араша түсіп, кимешектің үстіндегі жаулығын басынан сыпырып алып екі араға тастағанын айтады. Содан киелі баскиімнен ешкім аттап өте алмағанын білеміз. Бұл – кимешектің саяси әрі тарихи мәнін айшықтап тұр. – Негізі жаңадан босаға аттаған жас келінге кимешек киізбейді. Ол алдымен орамалын орап, келіндік міндетін атқаруы тиіс. Құрсақ көтеріп, бөбегін аман-есен бауырына басқан соң кей аймақтарда қырқыннан шыққан кезде ауыл әжелері, абысындары жиналып, кішігірім той жасайды. Тойда жас анаға «сен де ана болдың» деп, кестелеп тігілген кимешек киізеді. Жас келіншектер қызыл, жасылмен көркемделген кимешек кесе, егде әйелдердің кимешектері ою-кестесі жеңіл, сары, ақ жіппен сыралады. Ағарту порталы ұсынған мәліметке сүйенсек, «Орама кимешекті Ақмола жақтың қазақтары ХХ ғасырдың 20-30 жылдарына дейін киген. Мата тігілмей, ерекше пішілген бет-әлпеті шығын тұратын бөлігіне ойықша жасалған, оны басқа ораған кезде кәдімгі кимешектерден айырмашылығы болмаған. Ал, Сырдария бойындағы Кіші жүз руының бірінде пішіні өз бетінше бөлек, бүрмелі кимешек түрі болған. Оның алдыңғы жағы кеудеге түсіп, ал жоғарғы жағы бүктеліп, бетті екі жағынан қоршап тұру үшін басқа байлап, бекітіліп қоятын болған. Кейде арқа бөлігінің жоғарғы бұрышына төбешік тігілген. Келесі бір түрі матаның тұтас кесегінен пішіліп, бір жақ қырынан келетін жағынан бас сұғатын орын қалдырылып, бір-ақ тігіспен тігілетін болған түрі Омбы, Атбасарда, Әулиеата өңірінің теріскейінде және оңтүстіктегі қоңыраттарда сақталған. Солтүстік және Орталық Қазақстанда кимешектердің алдыңғы жағы трапеция немесе үшкірленіп пішіліп, жоғарғы бөлігінде бетке орын қалдырылған. Арқа жағы дұрыс ромба түрінде келеді де, тізеге, тіпті өкшеге дейін түсетін болған. Оңтүстік қазақ әйелдерінде кеңінен тараған кимешек түрі ұзынынан екіге бүктеліп пішілген мата кесегінен жасалатын болған. Көп тараған түрі мұнара тектес болған. Ол үшін бүкіл мата біртіндеп басқа оралып, ұштары орам арасына кіргізіледі немесе желке жақтан түйіледі».

Аналардың беделін арттыратын, жүзіне иман ұялататын кимешек – қазақ әйелінің көркем бейнесін аша түседі. Осы орайда асыл дініміздегі Құранның Нұр сүресінің 31 аяты «Әуелгі мұнажир әйелдерді Алла мейіріміне бөлесін! Олар «Және орамалдарын басына салып, онымен омырауларын жапсын!» – делінген («Сахих әл-Бұхари»).

Үлкендер Шоқанның Шоқан болуы, Абайдың Абай болуы Айғаным мен Зере, Зейнеп пен Ұлжан секілді «ақ кимешек киген аналардың арқасы» дегенді жиі айтады. Рас, ерекше назар аударуға лайықты төл туынды – Ұлы дала аналарының алтын тәжі іспетті.

Аяулым СОВЕТ,
Қарағанды қаласы.